

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Сан есім

ЖАРИЯЛАНДЫ
02.06.2020СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/76140/

Шымкент қаласы

Мектеп: Абдраш Назарбеков атындағы
87 жалпы орта білім беретін мектепМамандық:
мұғалімі

Бастауыш

сынып

Зейнабилова Гульзада Толебаевна

Қысқа мерзімді жоспар

Пәні: Қазақ тілі	Мектеп: Абдраш Назарбеков атындағы 87 жалпы орта білім беретін мектеп
Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі: Тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым. Ортақ тақырып: «Саяхат»	
Күні:	Мұғалімнің аты-жөні: Зейнабилова Гульзада Толебаевна
Сынып: 2 А	Қатысқандар:-24
	Қатыспағандар саны:-
Сабақтың тақырыбы	Сан есім
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (ОБ сілтеме)	2.1.3.1 — күнделікті өмірде кездесетін жағдаяттарға байланысты сөйлеу мәдениетін сақтап, диалогке қатысу 2.2.3.1 — мәтін мазмұнын анықтауға бағытталған сұрақтар құрастыру және жауап беру 2.3.1.1 — мұғалім көмегімен жеке сурет арқылы шағын әңгімелеу мәтіндерін құрап жазу

Сабақ мақсаттары	Жеке суреттерді пайдалана отырып, әңгіме құрап жазу. Сан есімді сұрақ қоя отырып ажырату. Сан есімге байланысты мақал- мәтел құрастыру.
Бағалау критерийлері	Жеке суреттерді пайдалана отырып, әңгіме құрап жазады. Мәтінді оқып, сан есімді сұрақ қоя отырып ажыратады. Сан есімге байланысты мақал- мәтел құрастырады.
Тілдік мақсат	Пәнге қатысты лексика мен терминологиясы: Сан есім, қанша? Неше? Нешінші? Диалог пен жазуға пайдалы сөз тіркестері: Егжей-тегжейлі, бекерден-бекер, туризм.
Құндылықтарды дарыту	Қазақстандық патриотизм, ынтымақтастық, еңбек пен шығармашылық.
Пәнаралық байланыстар	Математика, дүниетану
Алдыңғы меңгерілген білім	Сөз таптарын біледі,

Сабақ барысы

Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақта жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы 3 мин.	(Мк) Ұйымдастыру кезеңі: Психологиялық ахуал: Оқушыларды шаттақ шеңберге тұрғызу (Оқушылар өзінің есіміне сын есімді қосып айтады).	
2 мин.	Топқа бөлу Оқушылар сөз таптарына байланысты сөздермен топқа бөлінеді.	А4 қағазына жазылған сөз таптары
5 мин.	1-топ «Зат есім» 2-топ «Етістік» 3-топ «Сын есім» Білу. (Ұ) «Иә, жоқ» ойыны арқылы сөз таптарын бекіту. Сұрақтар: 1. Зат есімге кім? Не? сұрақтары қойылады? -иә 2. Бота сөзі жалпы есім? -жоқ 3. Үйлер сөзі зат есімнің көпше түрі? — иә 4. Не істеді? Қайтті? сын есімнің сұрақтары? -жоқ 5. Ойнайды сөзі етістік? -иә	
5 мин.	(Ұ, Ө) Білу және түсіну. Видеожазба тамашалау. Видеожазбаны мұқият көріп, тыңдап қай қалаға саяхатқа шыққанымызды анықтап, тақырып бойынша түсінік қалыптастыру. Ашық және жабық сұрақтар: Видеожазда неше қалаға саяхатқа шықтық? Жауабы: 1 Қай қалаға? Иә Астана қаласы. Астана қаласының қанша зәулім ғимараттарын көрдік, санадық па? Жауабы: (1,11) Бұл сөздер заттың несібін білдіріп тұр? Олай болса, бүгінгі сабағымыздың тақырыбы сөз таптарының бірі «Сан есім». Сан есім дегеніміз не? Ереже құрастыр. Қорытынды шығару. (топтар постерға сан есім туралы ереже құрастырады). Мұғалім қорытындылап салыстырып, ережемен таныстырады.	

